

«КАСПИЙ ҚОҒАМДЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
БІЛІМ МЕКЕМЕСІ
050000, Алматық., Сейфуллин даңғылы, 521
тел: (727) 2506935, 2501143, факс:2506930
e-mail: kou.kz@mail.ru



УЧРЕЖДЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
«КАСПИЙСКИЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ»
050000, г. Алматы, пр-т Сейфуллина, 521
тел: (727) 2506935, 2501143, факс:2506930
e-mail: kou.kz@mail.ru

«THE CASPIAN SOCIAL UNIVERSITY»
521 Seifullin Avenue, Almaty, 050000
tel: (727) 2506935, 2501143, fax: 2506930
e-mail: kou.kz@mail.ru

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Каспий университетінің «Әділет» Жоғары құқық мектебі Сіздерді заң ғылымдарының докторы, профессор А.Г. Диденконың 75-жасқа толған мерейтойына арналған «Еуропалық шарттық құқықтың ережелерін имплементациялау жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын жетілдіру» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жұмысына қатысуға шақырады.

Конференция 2019 жылғы қыркүйек айының 30 жұлдызында өткізіледі. Конференцияның жұмыс тілдері: орыс, қазақ, ағылшын. Қатысу нысаны – тікелей, сырттай.

Конференцияның өткізілетін орны – Каспий университеті (Алматы қ-сы, Сейфуллин даңғ., 521, 3 қабат, «Seifullin Hall»).

Қатысушыларды тіркеу сағ. 9.00-дебасталады, конференцияның жұмыс уақыты сағ. 10.00-ден 15.00-ге дейін. Сағ.15.00-ден 17.00-ге дейін – мерейтой иесін құттықтау және мерекелік концерт.

Қатысушылар үшін мәлімет. Конференцияның ұйымдастыру комитеті Сіздерден 2019 жылдың 16 қыркүйегіне дейін конференция бағдарламасына енгізу үшін баяндама тақырыбын және өзі туралы мәліметті орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде хабарлауыңызды сұрайды. Авторлар туралы мәліметте орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде – толық аты-жөні, ғылыми дәрежесі және атағы, лауазымы, жұмыс немесе оқу орны, автордың ұялы телефоны, электрондық пошта адресі, студенттер, магистранттар және докторанттар үшін – ғылыми жетекшінің толық аты-жөні, ғылыми дәрежесі және атағы көрсетілуі тиіс.

Конференция жұмысына қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне баяндамаларды электронды түрінде ұсыну қажет. Баяндамалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 2019 жылдың 16 қыркүйегіне дейін қабылданады.

Конференцияға қатысу тегін. Іс-сапар шығындары: жол жүру, тұрғын-үй және тамақтану, бағыттаушы тарап есебінен төленеді.

Конференция материалдары жарияланатын болады.

Баяндамалардың рәсімделуіне келесідей талаптар қойылады:

Мақала көлемі, әдебиеттер тізімін қоса алғанда, баспа мәтіннің 10 бетінен аспауға тиіс. Мақаланың ең аз көлемі – 5 бет. Мақала беттері нөмірленуі тиіс. Мәтін Word бағдарламасында терілуі тиіс. Мәтін қарпі – Times New Roman, қағаз пішімі А4 (210*297 мм), кегль өлшемі – 12 пт. Жоларалық интервал – одинарлы. Ені бойынша туралау. Абзац үшін шегініс – 1,25 см. Шеттері: жоғарыдан – 2, төменнен – 2, сол жағынан – 2, оң жағынан – 2. Мәтінде кестелер, графиктер, суреттер, фотосуреттер болмауы керек. Мәтінге форматтаудың жасырын белгілері енгізілмеуі тиіс. Мәтін жиектемелерде, кестелерде және көрінетін немесе жасырын шекаралары бар өзге объектілерде рәсімделмеуі тиіс.

Студенттер, магистранттар және докторанттар ұсынған баяндамалар үшін ғылыми жетекшінің рецензиясы немесе сын-пікірі болуы - міндетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары және ережелері» 7.1–2003 МЕМСТ сәйкес рәсімделеді. Қайнар көздерге сілтемелер мақала мәтінде тек тік жақшалар арқылы беріледі (дәйексөз келтірусіз [1], дәйексөз келтіргенде және авторлық мәтінді қайта баяндағанда [1, с. 29]). Қайнар көздер тізімі негізгі мәтіннің соңында бір жол шегіністен кейін келтіріледі. Мақалада сілтемелерді нөмірлеу дәйексөз келтіруге қарай жүргізіледі. Мұрағаттық материалдар тізімге енгізілмейді, оларға сілтемелер мәтінде жай жақша ішінде орналастырылады. Мақалада электронды ресурстардан немесе интернет-ресурстардан қайнар көздер қолданылған кезде, әдебиеттер тізімінде қайнар көздің библиографиялық жазбасы және желілік ресурсқа сілтеме Интернеттегі толық желілік адресімен көрсетіледі. Ресурсқа жүгінудің мерзімі көрсетілген дұрыс.

МЫСАЛЫ (библиографиялық мәліметтер шартты түрде алынған):

Кітаптар үшін: Авторлардың тегі және инициалдары. Кітаптың атауы. – басылымның қайталануы туралы мәліметтер. – Басылым орны: Баспа, Басылым жылы. – Беттер саны.

Мысалы:

Басин Ю.Г. Азаматтық құқық бойынша таңдаулы еңбектер. — 3-ші басылым. — СПб.: 2003. — 294 б.

Журналдардағы мақалалар үшін: Авторлардың тегі және инициалдары. Мақаланың атауы // Басылымның атауы. (Сериясы). — Басылым жылы. — Том. — Нөмірі. — Беттер.

Мысалы:

Брызгалов А.И. Қазіргі кезеңдегі заң ғылымының кейбір теориялық-әдістемелік мәселелері туралы // Мемлекет және құқық. — 2004. — № 4. — 17–22 б.

Конференция материалдары, еңбектер жинағы және т.б. үшін: Авторлардың тегі және инициалдары. Мақаланың атауы // Басылымның атауы: Басылым түрі. — Басылым орны, жылы. — Том. — Нөмірі. — Беттер.

Мысалы:

Диденко А. Азаматтық құқық құқықтық болмысты қалыптастырудың қайнар көзі ретінде // VI Азаматтық заңнама: Мақалалар. Түсіндірмелер. Тәжірибе. – 40 шығарылым / А.Г. Диденко редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2015. - 4-24 б.

Баяндама материалы келесідей тәртіпте орналастырылады: алғашқы жолда – авторлар туралы толық ақпарат (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, лауазымы, мекеме, қала), бір жолдан кейін – мақала атауы (бас әріптермен), келесі жолда – мәтін. Баяндама соңында – пайдаланылған қайнар көздер тізімі.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін баяндамалар жарияланбайды. Ұйымдастыру комитеті жіберілген баяндамаларды іріктеп алу және оларда плагиаттың бар/жоқтығын тексеру құқығын өзіне қалдырады.

Координаторлар:

<p>Абилова Майгуль Нестаевна</p> <p>тел.: (727) 250-11-43, ішкі 105 8 (777) 771-65-34 e-mail: abilova_maya@mail.ru Сейфуллин даңғылы 521, 213 каб.</p>	<p>Нестерова Елена Викторовна</p> <p>тел.: (727) 250-11-43, ішкі 105 8 (701) 204-07-24 e-mail: homeevn@mail.ru Сейфуллин даңғылы 521, 213 каб</p>	<p>Амангалиева Айжан Зингалеевна</p> <p>тел.: (727) 250-11-43, ішкі 105 8 (777) 588-02-15 e-mail: ayzhan.amangalieva@mail.ru Сейфуллин даңғылы 521, 213 каб.</p>
---	---	---

**Құрметпен,
Ұйымдастыру комитеті**